

**Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №а-8/361 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № а-3/92 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 5904 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № а-4/173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 25.04.2019 № а-4/173 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы және 21 қазандағы қорытындыларының, Полтавка ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы №3 "Полтавка ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5648 тіркелген, "Атбасар", "Простор" газеттерінде 2017 жылдың 13 қаңтарында жарияланған), Есенкелді ауылы әкімінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 1 "Есенкелді ауылының көшелерін қайта атау туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5740 тіркелген, "Атбасар", "Простор" газеттерінде 2017 жылдың 24 ақпанында жарияланған) шешімінің негізінде, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атбасар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 тамыздағы №а-8/361 "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау, сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайларды беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4343 тіркелген, "Атбасар", "Простор" газеттерінде 2014 жылдың 12 қыркүйегінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1 қосымшасындағы 16 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"16.Титовка ауылы, Достық көшесі, "Полтавка-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің № 22/2 ғимараты жанындағы стенд."

қаулының 2 қосымшасындағы 16 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"16.Титовка ауылы, Достық көшесі, 22/2, "Полтавка-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратының залы."

қаулының 1 қосымшасындағы 39 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"39.Есенкелді ауылы, Тың көшесі, "Атбасар ауданы білім бөлімінің Есенкелді орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің № 32 ғимараты жанындағы стенд."

қаулының 2 қосымшасындағы 5 жолы келесідей редакцияда баяндалсын:

"5.Есенкелді ауылы, Бейбітшілік көшесі, 26, "Ладыженка" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мәдени-ойын-сауық орталығының залы."

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*

*А.Никишов*

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар аудандық  
сайлау комиссиясының  
төрағасы*

*Т.Боранбаев*

2017 жылғы 27.03.